КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 маусым №5265-25-00-2/1326 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Оңтүстік Ғимарат құрлыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және келісім шарт бойынша анықталған ақауларды жоюға міндеттеу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы ««Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Оңтүстік Ғимарат құрлыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2022 жылдың 25 наурыздағы №102 келісім шарт бойынша:

Шымкент қаласы Жолан батыр көшесі Рысқұлов көшесінен Пазиков көшесі аралығында жолдың жүріс бөлігінде асфальт бетон қабатында анықталған ақауларды жою міндеттелсін.

Документ подписан: Сатыбалдиева А. К., 05.06.2025

Дата вступления в законную силу: 07.08.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 07.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Оңтүстік Ғимарат құрлыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Оңтүстік Ғимарат құрлыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 3932 (үш мың тоғыз жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4 - бабының 2 - бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404 - баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Документ подписан: Сатыбалдиева А. К., 05.06.2025

Дата вступления в законную силу: 07.08.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 07.08.2025